

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті.

Тақырыбы: Улану кезіндегі шұғыл көмек

Қабылдаған: Жүнісова Ж

Орындаған: Мекенбаев Д.Р

Тобы: СТК-402

▣ **Жоспар:**

▣ *I.Кіріспе.*

▣ *II.Негізгі бөлім.*

▣ *1 Тағамдық уланулар және алғашқы дәрігерге дейінгі көмек*

▣ *2 Жыланның шағуы*

▣ *3 Жәндіктердің шағуы кезіндегі алғашқы жәрдем*

▣ *4 Техникалық сұйықтықтармен улану*

▣ *III Қорытынды*

▣ *IV Пайдаланған әдебиеттер*

▣

- **Тағамдық уланулар.** Бактериялар, вирустар, ұсақ жануарлар немесе өсімдіктермен (мәселен планктон саңырауқұлақтармен, паразиттермен немесе уыттармен зақымдалған шикі өнімдерді адамдар пайдалану салдарынан болуы мүмкін). Алайда барлық жағдайда осындай өнімдерді пайдаланған адамдар ауру болады деп санауға болмайды. Бір адамдар ауруға тұрақты болып келсе, кейбіреулері аурумен зақымдалып, аурудың ауыр түрімен ауырыды. «Тағамдық улану» гастроэнтерит терминімен синоним ретінде жиі қолданылады, алайда екеуі бірдей ұғымды білдіре бермейді. Гастроэнтерит түрлі факторлардың әсерінен, сонымен қатар тағамдық уланулар салдарынан болатын асқазан мен ішектің қабынуы.
- **Уланудың себептері.** Бактериялар және басқа да тағамдық жұқпа қоздырғыштары әр түрлі себептермен тағам өнімдеріне түседі, мәселен олар өнімді сатып алып жатқан кезде де сонда болуы мүмкін. Пластикке оралған өнімдердің өзі зақымдалуы ықтимал. Сатушылардың лас қолдары немесе өнімдер жатқан ыдыстардың таза болмауы жұқпаның негізгі көзі болуы мүмкін. Жеткілікті түрде термиялық өңдеуден өтпеген (шикі немесе жартылай шикі) сонымен бірге тоңазытқышта немесе бөлме температурасында ұзақ уақыт бойы сақталынатын тағамдар қауіпті.



Тамақтан улану көбінесе қателіктерден пайда болады. Ол өндірістен кеткен қателік болуы мүмкін. Тазалық шаралары сақталмағандықтан. Екінші себеп тағамның жарамдылық мерзімі өткен жағдайда тұтынғанда

- **Тағамдық токсикоинфекция** (астағы бактерия уыттарымен - токсиндерімен улану) – тағамда экзотоксин түзетін, негізінен шартты патогенді микроорганизмдермен қоздырылатын, нәжіс – ауыз механизмімен берілетін, жалпы уыттанумен, диспепсиялық белгілермен күрт басталатын ішек инфекциялары тобына жататын кесел. Астан жедел уланудағы негізгі патологиялық фактор тағамға түскен бактериялардың көбеюі барысында бөлінген экзотоксиге байланысты. Аурудың «инфекциялығы» ауру туғызушы удың микроорганизмдердің тіршілігі барысында бөлінген «өнім» екенінде. Аурудың себебі организмнен тыс ортада көбейіп, көбеюі барысында экзотоксин бөлетін миктродорганизмдер. Олар ботулизм бациллалары, алтын түстес стафилококк және шартты патогенді микроорганизмдердің көптеген тұқымдастықтары (протей, клебсиелла, цитробактер, серрация, энтеротоксинді стрептококктар т.б.) Аталған микроорганизмдердің бәрі абиотикалық ортадағы көбею барысында энтро- және цитоксин синтездейді. Энтротоксин мен цитотоксин асқазан-ішек жолдарының эпителий торшаларын зақымдап, диспепсия, жалпы уланудың себебі болады.



- *Негізгі берілу механизмі нәжістік-ауыздық. Бұл механизмнің жүзеге асу жолы - тағам жолы. Улану көп жағдайда сүт пен сүт тағамдарын, ет және ет тағамдарын, салаттарда, балық консервілерін, крем қосылған тағамдарды қолдануға байланысты болады. Стафилакокк экзотоксиндері бар тағамның сыртқы түрі, түсі өзгеріп, иістенбейді, сондықтан күдік туғызбайды. Басқа да көптеген қоздырғыштар тағамды көрінетіндей өзгеріске ұшыратпайды. Сөйтіп бұл тағамдарды қолданушылар улануға ұшырайды.*
- *Улану жылдың барлық мезгілінде кездеседі, бірақ өте жиі жаз-күз мезгілдерінде тіркеледі. Тағамдық токсикоинфекция індетінің басты эпидемиологиялық ерекшелігі- кенеттен көп адамның ауруға шалдығуы және барлық ауырғандардың ауруға шалдығуының бір тағам түрімен немесе бір ошақпен байланысты болуы, клиникалық сипатының ұқсас болуы.*

Токсиндердің организмге ену қақпасы асқазан-ішек жолдарының кілегей қабаты. Энтеротоксиндер мен цитотоксиндер асқазан мен ішектің кілегей қабатының эпителиалды жасушаларының мембранасын зақымдап, онда белок синтездеу процесін бұзады, қабыну туғызады, су мен электролиттердің ішек қуысына қарай өтуін, ішектің жиырылуын арттырады, сөйтіп іш өткізеді, құстырады. Сонымен қатар, ішектен қанға өткен токсиндер ауруды жалпы уыттануға (интоксикация) ұластырады. Әр түрлі микроорганизмдердің токсиндерінің әсер ету механизмі ұқсас болғандықтан да, аурудың басты клиникалық белгілері микроб түріне қарамастан ұқсас.

Ауру қайта қайта құсу, лоқсу, іш өту, іштің бүріп ауруы, жалпы әлсіздік, бас ауру, дене қызуының көтерілуі белгілерімен көрінеді.

Стафилококкта улану, перфрингенс клостридиялармен улануда басылмайтын лоқсу мен құсу, қысқа уақытқа гана дене қызуы көтерілуі, қанды іш өту сияқты ерекшеліктері болуы мүмкін.

Тәжірибелі клиницистер клиникалық ерекшеліктеріне қарай этиоагент түрін болжай алады.

- **Емдеу принциптері.** Асқазан-ішек жолдарын токсиндерден тазарту (асқазанды шаю, сифонды клизма, абсорбенттер ішкізу), су тұз алмасу бұзылысын қалыптастыру
- Алдын алу шаралары. Эпидемия отбасына және қоғамдық тамақтану орындарына байланысты болғандықтан үйде де, қоғамдық тамақтану орындарында да тағамды тасымалдау, сақтау, өңдеу санитарлық және технологиялық ережелерге сай болуы қажет. Әсіресе жаз, күз айларында дайын тағам өнімдерін, жартылай дайын тағам өнімдерін, сусындарды сақтау мен тасымалдау, термикалық өңдеу қатаң бақылауға алынуы тиіс. Балалар мен ересектердің жазғы демалыс орындарында тағам мен сусынның санитарлық талапқа сай өңделуі мен сақталуын қадағалау өте маңызды. Отбасылық індет бұрқ ете қалуының алдын алу үшін, тұрғындар арасында санитарлық азарту жұмысын жүргізу, тағамның жеткілікті термикалық өңделуінің, сақталу жағдайы мен мерзімінің назарда ұсталуының керектігін, тағам өнімдерін сатушыларға талаппен қарау керектігін жеткізу қажет.



Gladly

ВОТТЕР® Мини



Кейде тез даярланатын тағамдарды және саңырауқұлақтарды тұтынғанда адам уланады

- Уланудың тағы бір түрі ол бақашаяндар мен құрт- құмырсқалармен тамақтанғанда. Олардың кейбірі өздерінен сұйықтық бөліп шығарады. Сол сұйықтық адам организміне түскенде кері әсерін тигізеді. Сондықтан да тамақты талғаммен жеу керек. Уланудың бұл түрі көбінесе Азияда, Африкада және Австралияда кездеседі.

Жыланның шағуы. Жыланның шағуының әкелер зардабы да өте ауыр. Сондықтан жылан мекендейтін жерлерге барардың алдында ең алдымен жабық аяқ киімді, ең жақсысы етікті киген жөн. Жыланның шағуынан зардап шегуші жағдайының ауырлығы оның түріне байланысты. Қазақстанда сұр жылан, оқ жылан, сарыбас жылан кездеседі.



- ▣ **Жылан шаққандағы алғашқы медициналық көмек**
- ▣ *Шаққан жердің уын ауызбен жедел сорып тастау керек. Мұны зардап шегушінің өзі немесе оң серіктерінің бірі жасай алады. Ауыз қуысында жарық немесе жара болмау керек, өйткені у солар арқылы қанға түсуі мүмкін. Жылан уының сау ауыз кілегейіне, тіпті асқазанға түсуі мүлдем қауіпсіз. Егер уды өз уақытында сорып тастаса, зардап шегушінің улану деңгейі әлсіреп, жылдам сауыға бастайды.*
- ▣ *Жылан шаққаннан кейін қозғалуға болмайды, өйткені қозғалыс удың қанға өтуін жеделдетеді. Жылан шаққан адам қозғалмай жатуы тиіс. Зақымдалған жерді сынған жағдайдағы сияқты қозғалтпау қажет. Бұл үшін оны тақтайшаға байлап, сыртын қатты таңып тастау қажет. Жылан шаққан жерді кез-келген дәрі-дәрмекпен залалсыздандыру қажет (йод, спирт).*
- ▣ *Жылан шаққан жерді кесуге, күйдіруге болмайды, бұрау қою да залалды – бұның барлығы ұлпаны қосымша жарақаттайды. Зардап шегушінің жағдайын көп ішкен су жақсартады.*
- ▣ *Жылан шаққан адамды реанимация қызметі бар кез-келген ауруханаға апару керек, өйткені естен тану жағдайы болмауы мүмкін емес. Қажет жағдайда жылан уына қарсы шипалы сарысулар егіледі.*
- ▣ *Жыланның адамға еш уақытта бірінші болып тиіспейтіндігін, тек қорғану үшін шағатындығын әрдайым есте ұстау керек.*
- ▣ *діруге, оған марганец қышқылды калий жіберуге, ішімдік беруге болмайды.*



*Жылан
шаққан
кездегі
көрсетілетін
медициналық
көмектің
құралдары*

- Қазір өсімдіктер гүлдеп тұрған кез, сол себепті түрлі шыбын-шіркей мен жәндіктер көбейіп кетті. Жаздың тағы да бір жағымсыз жағы да осы. Көбіміз ара шағып алғанда дәрігердің көмегіне жүгінбей, ерекше дәрі қабылдамаймыз. Тіпті бетін суықпен баспай, еш шара қолданбайтындар да бар. Бірақ бұл дұрыс емес. Шағылған жерге қарапайым күтім жараның тез сауығуына көмектесіп, жағымсыздық сезімінен сақтайды.
- Сонымен, егер ара шағып алса сізге **марганец ерітіндісі (марганцовка), мұз, түймедағы мен ақжелек (петрушка)** қажет болады.
- **1-Қадам**
- Біріншіден, жараның ішінде қалған араның бізгегін шығару кере. Ол үшін сізге **пинцет немесе ине** қажет болады. Қол астында бұндай көмекші құралдар болмаған жағдайда бізгекті саусақтарыңызбен шығарып көріңіз, бірақ бізгекті одан әрі терең итеріп тастамаңыз. Әрине ара шағып алған жерді және пинцет, ине немесе саусақтарыңызды алдын ала сумен немесе сутек тотығымен тазалаңыз

▣ **2-Қадам**

- ▣ *Марганец ерітіндісін суға ерітіңіз. Жылы суға калий перманганатын (марганцовка) салыңыз, судың түсі қызыл-күлгін болуы керек. Ерітіндіні мұқият араластыру керек. Осы ерітіндіге мақтаны малып, шағылған жерді сүртіңіз. Марганцовканың орнына сутек тотығын немесе тұздалған су қолдануға болады. Қол астында бар заттарды қолданыңыз.*

▣ **3-Қадам**

- ▣ *Шағылған жерге мұз кесегін басыңыз. Ол жараның ісінуін кемітеді. Дәрі қобдишаңыздан белсендірілген көмір табылса, оның 3 дәрісін майдалап, 1 шай қасық су қосып, араластырып, жараның бетіне жағыңыз. Бетін дәкемен жабыңыз. Осылайша шағылған жердің уы тезірек кетіп, ісінбейді.*

- **4-Қадам**

- *Енді жараны іштей емдеу керек. 1 шай қасық кептірілген шайқурай (зверобой), қырмызы (календула), түймедағы не шалфей өсімдіктерін 1 стақан қайнаған сумен араластырып, 15-20 минутқа қойыңыз. Ерітіндіні сүзіп, жартысын бірден, екінші жартысын 1 сағаттан кейін ішіңіз.*

- **5-Қадам**

- *Кейбір жағдайда шағылған жер қызарып, қатты ісіп кетеді. Ісікті басу үшін, балғын **ақжелек** жапырақтарын майдалап, үстіне қайнаған су құйыңыз. Суыған кезде қайнатпаға таза мата не дәкені малып, жараның бетін басыңыз.*
- *Ара шаққаннан кейін өзіңізді нашар сезініп, жүрегіңіз айнып, қызуыңыз көтеріліп, дем алумен қиындықтарыңыз болса, тезірек дәрігердің көмегіне жүгінгуіңіз керек. Бұл аллергияның белгілері болуы мүмкін.*
- *Сондай-ақ, табиғат аясына демалысқа шыққанда түрлі әтірлер мен иісі өткір косметикалық заттар қолданбай, тым жарқын түстерге киінбеңіз, бұл аралардың көңілін қызықтыруы мүмкін.*



▣ *Жәндіктердің шағуы.*

- ▣ *Ара, сона, кене шағу. Клиникасы жәндіктердің шаққан кезде енетін уланудың әсерінен улануға, гемолиздік әсеріне және тамырларға тигізетін әсеріне байланысты болады. Жәндіктердің уына деген жеке беа сезімталдығының маңызы да зор.*
- ▣ *Клиникасы: Жәндік шаққан жерде ашыну, ауырсыну және ыстсқтық сезімдер пайда болады. Тексергенде: ісіну, қызару және жергілікті дене температурасының жоғарылауы. Шағу бірнеше рет болғанда жалпы реакциялар дамиды: қалтырау, бастың ауырсынуы, лоқсу, құсу, дене температурасының көтерілуі. Балада жоғарғы сезімталдық болған жағдайда улану және аллергиялық симптомдардың жеңіл түрінен ауыр түріне дейін байқалуы мүмкін: крапивница, Квинке ісігі, бронхоспазм, құрысулар, анафилактикалық шок. Бұл симптомдар шағудан соң бірден немесе 30 минуттан-2 сағат өткеннен кейін де байқалуы мүмкін.*



▣ *Жедел көмек алгоритмі:*

- ▣ *1 Шаққан орынды және тері қабатын түгел тексеріп шығу.*
- ▣ *2 Баланы тыныштандыру.*
- ▣ *3 Жарадан жәндіктің улы тілін пинцетпен, скальпельмен алып тастау.*
- ▣ *4 Кене шаққан жағдайда ол жерді алдымен залалсыздандырады, сонан соң басымен алып тастайды.*
- ▣ *5 Жараны спиртпен өңдеу.*
- ▣ *6 Жергілікті мұздық қолдану.*
- ▣ *7 Шаққан жерге 0,1% адреналин ерітіндісін 0,1-0,3 мл енгізу.*
- ▣ *8 Қатты ауырсынған кезде шаққан жерге 1% 1-2 мл новокаин ерітіндісін немесе анальгетик ерітіндісін енгізу.*
- ▣ *9 Ауыз арқылы антигистаминді препараттар беру: супрастин, димедрол, тиропольфен т.б.*
- ▣ *10 Аллергиялық диатезі бар балаларға преднизалон енгізу.*
- ▣ *11 Бронхоспазмда көк тамырға эуфиллин енгізу.*
- ▣ *12 Құрысу болғанда седуксен енгізу 0,3 мл жасына.*
- ▣ *13 Ауыр жағдайда токсикологиялық немесе аллергологиялық бөлімшеге госпитализациялау*

■ Қорытынды

Қорыта келгенде адам организмiнiң улануы оның өз қызыметiн дұрыс орындамаумен шектеледi. Улану көбiнесе көктем, жаз мезгiлдерiн де көп кездеседi. Уланудың негiзгi себебi, жоғарыда аталғандай жарамдылық мерзiмi өткен тағамдардан және көктем мезгiлiнде жемiстер мен көкөнiстердiң ерте, дәрiнiң күшiмен пiскен кезде.

Көктем, жаз мезгiлi келiсiмен улы жылындар мен жәндiктер адамдарға қауiп туғызады.

Мұндай улануларға ұшырамас үшiн тамақ таңдағанда оның жарамдылық мерзiмiне және құрамына мән беру керек. Ал жәндiктерден сақтану үшiн қауiпсiздiк шараларын сақтауымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Кемелова М.М., Асылбекова А.Ж.

“ Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі алғашқы жедел жәрдем” Түркістан 2014

2 www.google.kz

3 www.doctor.ru

4 Тұрланов Қ М, Қалқабәева С.А “Жедел медициналық жәрдем” 2010